

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.2 - Б.203-205

БАҒДАРЛАМАЛАУ ТІЛДЕРІ БОЙЫНША БІЛІМБЕРУ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІН ӘЗІРЛЕУ

*Қасеней А.А., 3 курс студенті
С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, Нұр-Сұлтан қ,*

Ғаламтордың екінші буыны пайда болуы қашықтықтан оқытуды дамытуға онлайн білім алу жүйелер жаппай ашылуына серпін берді. Жаппай онлайн оқыту ақпараттық жүйелер ХХ ғасырдың екінші жартысында пайда болды. Онлайн оқыту жүйелерінің мақсаттарының бірі оқушыларға оқу материалдарына кең қол жетімділікті қамтамасыз ету және білім беру қызметтерінің кез-келген тұтынушысын оқытуға жағдай жасау болып табылады. Жаппай ашық онлайн білім беру жүйелері кеңінен қабылдануы сөзсіз қашықтық технологияларын барынша қолдана отырып, жаңа білім беру парадигмасының қалыптасуына және бірыңғай ақпараттық-білім беру ортасын құруға алып келеді.

Қазіргі кезде білім беру жүйесінде жаңа технологияларды пайдалану заман талабы болғандықтан, білім алушыларға және оқытушыларға арналған қазақ тілінде ақпараттық онлайн білім беру кеңістігін қажеттілігі туады. Бағдарламалау тілдері бойынша білім беру ақпараттық жүйесін жаңа технологияларды қолда отырып іске асыру, оны мәтіндік ақпараттан гөрі графиктік ақпаратпен және анимация элементтерімен, суреттермен, бейнелермен көбірек қамту. Себебі оқу барысында ақпаратты тез сақтауға көмектеседі. Осындай сайттарды қолдану барысында білім алушылардың сабаққа деген қызығушылығы артады. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде ақпараттық сайттарды сабаққа пайдалану-оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады. Ол үшін ақпараттық жүйені бағдарламалау қажет, яғни машина тілінде кодтау ісі болып табылады. Осындай қолданбалы бағдарламалық жабдықтау жасау көптеген жүйелік бағдарламалау арқылы жүргізіледі, олар:


- HTML (Hyper Text Markup Language) – бұл веб құжаттарды кодтау үшін қолданылатын гипертекстік белгілеу тілі,
- PHP (HypertextPreprocessor) - бұл веб-серверге жіберілетін скриптердің көмегімен веб-беттерінің динамикалық түрде генерациялайтын бағдарламалау тілі;
- CSS (анг. Cascading Style Sheets) веб құжаттардың дизайн өңдеуге, яғни форматтауға қолданылатын белгілеу тілі[1];
- MySQL - бұлMySQL AB, SunMicrosystems және Oracle корпорациясы жасаған дерекқорды басқару жүйесінің реляциондық түрі;
- PhpMyAdmin – MySQL деректер базасын басқаруға арналған рһртілінде жазылған ашық кодты жүйе [2].

Жұмыстың мақсаты: Білім беру процесін ғаламтор желісіне көшіру арқылы оқыту процесін тиімді ету. Пайдаланушылардың білім деңгейіне қарамастан, бағдарламалау тілдерінің негізгі қағидаларын, синтаксистерін және жазылу логикасын тез меңгеруге көмектесу. Автоматтандырылған жүйені құрудың негізгі міндеті кез-келген білім алушы бағдарламалау тілдері жайлы дәрістер оқи алуы және білімін одан әрі жетілдіру үшін тест тапсыру. Онымен қатар анимация элементтерімен, суреттермен, бейнелермен көбірек қамту, себебі графикалық ақпаратты есте тез сақталуына көмектеседі.

Қандай да бір жүйені жобалаудың алдында, ең біріншіден, бағдарламалық кешен операцияларының құрамын және керектілікті талдау мен нақты жүйенің жобалауының құралымен функцияларды жүзеге асыруын анықтауы қажет. Себебі егер тұтынушы интерфейсі қате ойластырылған болса, онда бағдарламамен жұмыс үшін түгелдей жарамсыз болады.


Ақпараттық жүйенің басты бетінді тіркелу парағы ашылады. Мұнда оқытушы немесе студент ретінде тіркелуге болады.

- Оқытушы болып тіркелсе онда тұтынушы тек өзінің дәрістерің, тесттерің, вебинарларын қоса, жоя, өзгерте алады.
- Егер студент болып тіркелсе ол ақпараттық жүйедегі барлық дәрістерді оқи алады, вебинарларді көре алады және тесттерді тапсыра алады (1 сурет).



1-Сурет Тіркелу парағының макеті

Басты бетте ақпараттық жүйенің негізгі нысандары орналасады(2-Сурет).



2-Сурет онлайн білім беру жүйесінің макеті

АЖ міндетті түрдегі негізгі функционалдық мүмкіндіктері:

– Теориялық мәлімет алу, яғни дәрістер парақшасынды тақырыптар бойынша дәрістерді оқуға және практикалық жұмыстарды жүктеп алуға болады;

– Бейне жазбалар, мұнда кез келген тақырыпта бейнежазбаларды сілтеме арқылы қосуға болады;

– Тестілік жүйеден өту, мұнда тестер парақшасында әр түрлі пән негіздері бойынша тесттер орналасады;

– Кері байланыс парақшасында құрушыларға деген ұсынысты немесе ескертуді қалдыруға болады. Бұл жерде электронды пошта немесе Whats App арқылы байланысады.

Сонымен қатар сайт интерфейсі тұтынушыға ыңғайлы болуы тиіс. Тұтынушыға кез-келген веб беттерге оңай әрі жылдам ауысу мүмкіндігі қарастырылуы тиіс. Тұтынушыға ұсынылған ақпарат сапалы және сенімді мәлімет көздерінен алынуы керек. Бейнежазбалар мен тесттер сайт парақшасында ешқандай кедергісіз ашылуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. В. Дронов (2016), “PHP, MySQL, HTML5 и CSS 3. Разработка современных динамических Web-сайтов”, СПб. : БХВ- Петербург
2. Д. Колисниченко (2015), PHP и MySQL. Разработка веб-приложений

Ғылыми жетекшісі: Айтимова Ұ.Ж.